



У.м.а.Э.И.Эбиева

Ата-аналармен жұмыс жасаудың жылдық жоспары.

Мақсаты: Мектепке дейінгі тәрбие мен білім беруде ата-аналардың педагогикалық құзыреттіліктерін жоғарылату, баланың жан-жақты дамуы үшін ата-аталар мен бөбекжайдың өзара әрекетін белсендендіру, ата-аналардың педагогикалық мәдениетін жоғарылату.

№1	Қыркүйек айында жүргізілетін жұмыс түрлері	Жауаптылар
	1 Топтағы ата-аналар жиналысын ұйымдастыру мен өткізу. Барлық топтарда. 2.Жалпы ата-аналар жиналысын өткізу. Баланы ерте жастан дамытуда педагог пен ата-ана байланысын нығайту жолдары. Психологиялық тренинг: 1.Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпы стандарты Жанадан келген ата-аналармен келісім-шартқа отыру, ата-аналарға кеңес беру - Ұйымдастырылған іс-әрекет жоспарымен және күн тәртібімен таныстыру. - Топ тәрбиешілерімен таныстыру - Жас мамандармен таныстыру -Ата-аналар комитетінің құрылымын бекіту. Кеңес беру: «Балабақшадағы адаптация»	Менгеруші Әдіскер Тәрбиешілер Тәрбиеші Медбике Тәрбиешілер
№2	Қазан айында жүргізілетін жұмыс түрлері	
	1.Кеңес беру: «Баланың бөбекжайға бейімделуінде отбасының ролі»	Әдіскер
№3	Қараша айында жүргізілетін жұмыс түрлері	
	1.«Әкелер мектебі», «Аналар мектебі»- спорттық сайыс өткізу «Әкем, анам және мен» – спорттық сайыс. Ата-аналардың қатысуымен салауатты өмір салтын насихаттау 2. Кеңес:«Шынықсаң шымыр боларсың» Салауатты өмір салтын ұстануға ата –аналармен әңгіме жүргізу. Топтар арасында	Тәрбиешілер Медбике
№4	Желтоқсан айында жүргізілетін жұмыс түрлері	
	1.Топ аралық ата-аналар жиналысы. Тақырыбы:«Қазіргі баланың сөйлеуін дамыту» Тәрбиеші жоспары бойынша Балаларға жаңажылдық мерекені ұйымдастыру туралы ата-ана пікірімен санасу. Кеңес беру: Тұмаудан сақтану жолдары. 2. Жаңа жылдық мерекені өткізу Ата-аналардың қатысуымен	Тәрбиешілір Медбике Әдіскер
№5	Қаңтар айында жүргізілетін жұмыс түрлері	
	1.Апталық қысқы қызықтар мен сауықтарды өткізудегі	

ата-аналардың қатысы. «Әкелер мектебі», «Аналар мектебі»- спорттық сайыс өткізу «Жұлдызды старт» ересек топтары ✓		Тәрбиешілір Әдіскер
№ 5	Ақпан айында жүргізілетін жұмыс түрлері	
1.Дөңгелек үстел ата-аналармен Кеңес беру: «Балаларға қандай әдебиет оқу керек» тренинг ✓ 3.«Ашық есік күні» Тәрбиешілердің күн тәртібіне байланысты ұйымдастырылған іс-әрекет жұмысын топта көрсетуі. Ата-аналардың қатысуымен		Әдіскер Психолог Тәрбиешілер
№6	Наурыз айында жүргізілетін жұмыс түрлері	
1. Мерекелік ертеңгіліктер «Анашым мерекеңмен!» ата-аналардың қатысуымен ✓ 2.Салт-дәстүрді сақтаймыз Наурыз мерекесіне байланысты әр топ арасында салт –дәстүр көрсету. Ата-аналардың қатысуымен 3.Көктем мерекесін ұйымдастыру және өткізу ата-аналардың қатысуымен 8 Наурыз 22 Наурыз		Тәрбиешілер Тәрбиешілер
№7	Сәуір айында жүргізілетін жұмыс түрлері ✓	
1.Ата-аналардың қатысуымен аумақты көркейту бойынша сенбілік ұйымдастыру.		Тәрбиешілер Әдіскер
№8	Мамыр айында жүргізілетін жұмыс түрлері	
1.«Достығымыз жарасқан» 1 мамыр музыкалық қойлымдар 2. Жалпы ата-аналар жиналысы. Кеңес беру: Тақырыбы: «Бала біздің-болашағымыз» - Жазғы демалыстың қауіпсіздігін ұйымдастыру.		Әдіскер Тәрбиешілер Менгеруші Медбике

**«Мерейлі» жекеменшік балабақшаның ата-аналармен жұмыс
№1 хаттамасы**

Күн тәртібі:

1. Балаларды ерте жастан дамытуда педагог пен ата-ана байланысын нығайту жолдары. Жауапты директор: З.И.Эбиева
2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпы стандарттары туралы түсіндіру. Жауапты директор: З.И.Эбиева
3. Жаңадан келген ата-аналармен келісім-шарт жасау және кеңес беру. Жауапты директоры: З.И.Эбиева
4. Балабақшаның күн тәртібімен және ұйымдастырылған іс-әрекет жоспарымен таныстыру. Жауапты директор: З.И.Эбиева
5. Топ тәрбиешілерімен және жас мамандармен таныстыру.
6. Ата-аналар комитетінің құрамын бекіту. Жауапты директор: С.И.Эбиева
7. Кеңес беру: «Балабақшадағы адаптация». Жауапты директоры: З.И.Эбиева

Тындалды:

Бірінші мәселе: бойынша директор: З.И.Эбиева сөз сөйлеп, баланың жан-жақты дамуы үшін ата-ана мен тәрбиеші арасындағы тығыз байланыс маңызды екенін атап өтті. Балалардың балабақшадағы тәртібі, тәрбиесі және оқу процесі туралы ата-аналарға ақпарат берілді.

Екінші мәселе: бойынша директоры З.И.Эбиева мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартымен таныстырып өтті. Балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес білім беру және тәрбиелеу бағыттары түсіндірілді.

Үшінші мәселе: бойынша жаңадан келген ата-аналармен келісім-шарт жасау тәртібі түсіндіріліп, ата-аналардың сұрақтарына жауап берілді.

Төртінші мәселе: бойынша тәрбиеші топтағы күн тәртібімен, ұйымдастырылған оқу қызметімен, ойын және серуен уақыттарымен таныстырды.

Бесінші мәселе: бойынша топ тәрбиешілері мен жас мамандар ата-аналарға таныстырылды.


Алтыншы мәселе: бойынша ата-аналар комитетінің құрамы ұсынылып, талқыланып бекітілді.

Жетінші мәселе: бойынша медбике мен тәрбиеші «Балабақшадағы адаптация» тақырыбында кеңес беріп, баланың балабақшаға бейімделу кезеңі туралы түсіндірді.

Қаулы:


1. Ата-аналар мен тәрбиешілер арасындағы байланысты нығайту жұмыстары жалғастырылсын.
2. Балабақшаның күн тәртібі ата-аналар тарапынан сақталсын.
3. Балалардың балабақшаға бейімделу кезеңінде ата-аналар тәрбиешілермен тығыз байланыста болсын.
4. Ата-аналар комитетінің құрамы бекітілсін.

Төрайымы:



З.И.Эбиева

Хатшысы:



Ж.Кошбаева

**«Мерейлі» жекеменшік балабақшаның ата-аналармен жұмыс
«Шынықсаң – шымыр боласың» кеңесі және «Әкем, анам және мен» отбасылық
спорттық сайысы
№2 хаттамасы**

Күн тәртібі:

1. «Шынықсаң – шымыр боласың» тақырыбында кеңес өткізу
2. «Әкем, анам және мен» атты отбасылық спорттық сайыс ұйымдастыру
3. Сайыс нәтижелерін қорытындылау және марапаттау

Тындалды

Кеңес барысында «Шынықсаң – шымыр боласың» тақырыбында түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Балалардың денсаулығын сақтау, дұрыс тамақтану, күн тәртібін сақтау және дене жаттығуларының пайдасы туралы айтылды. Ата-аналарға балаларды спортқа баулу және денсаулықтарын нығайту жолдары туралы кеңестер берілді.

Іс-шараны жекеменшік директоры балабақша З.И.Эбиева ашып, ата-аналар мен балаларға жылы лебізін білдірді. Қатысушылар таныстырылып, отбасылар командаларға бөлінді.

Спорттық сайыс

«Әкем, анам және мен» атты отбасылық спорттық жарыс барысында төмендегі ойындар өткізілді:

- Жүгіру эстафетасы
- Доппен ойын
- Кедергілерден өту
- Секіртпемен секіру
- Отбасылық эстафета

Жарыс барысында балалар мен ата-аналар белсенді қатысып, қызықты әрі көңілді атмосфера қалыптасты.

Жарыс нәтижелері


Қорытынды

Іс-шара өте қызықты әрі көңілді өтті. Балалар мен ата-аналар спорттық ойындарға белсенді қатысып, жақсы көңіл күй алды. Осындай отбасылық шаралар балалардың денсаулығын нығайтып, ата-ана мен бала арасындағы байланысты күшейтеді.

Қаулы


1. Балаларды спорттық ойындарға және дене шынықтыру жаттығуларына тұрақты қатыстыру.
2. Балабақшада осындай отбасылық спорттық іс-шараларды жиі өткізу.
3. Салауатты өмір салтын насихаттау жұмыстарын жалғастыру.

Төрайымы:



З.И.Эбиева

Хатшысы:



Ж.Кошбаева

«Мерейлі» жекеменшік балабақшаның ата-аналармен жұмыс №3 хаттамасы

Күн тәртібі:

1. Қазіргі баланың сөйлеуін дамыту туралы баяндама жауапты психолог: Эбиева С.
2. Тұмаудан сақтану жолдары туралы кеңес жауапты медбике: Таумұрынова А.
3. «Әкелер мектебі», «Аналар мектебі», «Әжелер мектебі» жұмысы.
4. «Жұлдызды старт» отбасылық сайысы жауапты тәрбиеші: Кошбаева Жанар

1-мәселе

1. Қазіргі баланың сөйлеуін дамыту

Тыңдалды:

«Мерейлі» жекеменшік балабақшасы психолог өз баяндамасында қазіргі балалардың сөйлеу мәдениетін дамыту өте маңызды екенін айтты. Баланың дұрыс сөйлеуі оның ойлау қабілетіне, қарым-қатынасына және мектепке дайындығына әсер етеді.

Баланың сөйлеуін дамыту үшін:

- Баламен жиі сөйлесу
- Ертегі, өлең, мақал-мәтелдер айту
- Сурет бойынша әңгіме құрату
- Дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету
- Сұрақ-жауап арқылы ойландыру

Сондай-ақ ата-аналардың балаға телефонды көп бермей, кітап оқуға, әңгімелесуге уақыт бөлуі қажет екені айтылды. Баланың сөздік қоры көбейген сайын оның ойлау қабілеті де дамитыны түсіндірілді.

2-мәселе Тұмаудан сақтану жолдары

Кеңес берілді жауапты медбике: Таумұрынова А.

Тұмау – жұқпалы ауру. Ол әсіресе күз-қыс мезгілінде көп тарайды.

Сондықтан алдын алу шараларын сақтау өте маңызды.

Тұмаудан сақтану жолдары:

- Қолды жиі сабындап жуу
- Бөлмені жиі желдету
- Дәруменге бай тағамдарды пайдалану
- Жеке гигиенаны сақтау
- Ауру адамдармен жақын қатынаста болмау
- Дәрігер кеңесін сақтау

Балаларға жылы киім кигізіп, таза ауада серуендету де денсаулыққа пайдалы екені айтылды.

3-мәселе «Әкелер мектебі», «Аналар мектебі», «Әжелер мектебі»
Бұл бөлімде отбасының бала тәрбиесіндегі рөлі туралы айтылды.

Әкелер мектебі:

Әкелер баланың өмірінде үлкен үлгі болатыны айтылды. Әке баласына батылдық, еңбекқорлық, жауапкершілік қасиеттерін үйретеді.

Аналар мектебі:

Аналар баланың тәрбиесінде мейірімділік, қамқорлық, тәртіптілік қасиеттерін қалыптастырады. Ана – баланың алғашқы ұстазы.

Әжелер мектебі:

Әжелер ұлттық тәрбие мен салт-дәстүрді үйретеді. Ертегі айтып, ұлттық құндылықтарды жеткізеді.

Ата-аналар бала тәрбиесінде бір-бірімен тығыз байланыста болуы керектігі айтылды.

4-мәселе «Жұлдызды старт» отбасылық сайысы жауапты тәрбиеші Кошбаева Жанар ата-аналар мен балалар арасын сайыс ұйымдастырды. Іс-шараның соңында ата-аналар мен балалар арасында «Жұлдызды старт» атты көңілді сайыс ұйымдастырылды.

Сайыс барысында:

- таныстыру кезеңі
 - спорттық ойындар
 - жылдамдық пен ептілікке арналған тапсырмалар
 - отбасылық жарыстар
- өткізілді.

Қатысушылар белсенділік танытып, жақсы көңіл-күйде болды. Сайыс отбасы мүшелерінің бір-біріне деген сыйластығын арттырып, балалардың спортқа деген қызығушылығын көтерді.


Қорытынды

Жиналыс барысында баланың сөйлеуін дамыту, денсаулықты сақтау және отбасының тәрбиедегі маңызы туралы айтылды. Ата-аналар белсенді қатысып, пайдалы ақпараттар алды.

Шешім:


1. Балалардың сөйлеу тілін дамыту жұмыстарын жалғастыру.
2. Тұмаудың алдын алу шараларын ата-аналарға тұрақты түсіндіру.
3. «Әкелер мектебі», «Аналар мектебі», «Әжелер мектебі» жұмыстарын жүйелі түрде өткізу.
4. Отбасылық спорттық сайыстарды жиі ұйымдастыру.

Төрайымы:



З.И.Эбиева

Хатшы:



С.И.Эбиева

**«Данышпан балақай» жекеменшік балабақшаның ата-аналармен
жұмыс
№5 хаттамасы**

18.02.2026жыл

Жаңаөзен қаласы

Күн тәртібі:

1. Ата-аналармен дөңгелек үстел өткізу.
2. «Балаларға қандай әдебиет оқу керек?» тақырыбында тренинг жауапты психолог: С.И.Эбиева
3. Тәрбиешілердің күн тәртібіне байланысты ұйымдастырылған іс-әрекеттерін таныстыру.

Тыңдалды:

1. Бірінші мәселе бойынша «Данышпан балақай» жекеменшік балабақша директоры: З.И.Эбиева сөз сөйлеп, ата-аналармен тығыз байланыс орнатудың маңыздылығын атап өтті. Балалардың тәрбиесінде отбасы мен балабақша арасындағы ынтымақтастықтың рөлі ерекше екені айтылды.
2. Екінші мәселе бойынша психолог С.И.Эбиева «Балаларға қандай әдебиет оқу керек?» тақырыбында тренинг өткізді. Тренинг барысында балалардың жас ерекшелігіне сай ертегілер, танымдық кітаптар және дамытушы әдебиеттерді таңдау жолдары түсіндірілді.
3. Үшінші мәселе бойынша тәрбиеші Г.Туркименбаева балалардың күн тәртібіне байланысты ұйымдастырылатын оқу қызметтері мен ойын түрлерін таныстырып, ата-аналарға түсіндірме жұмыстарын жүргізді.


Сөйлегендер:

- Ата-ана Әбдірахманова С. – ұсынылған мәліметтердің пайдалы болғанын атап өтті.
- Ата-ана Төлегенов М. – балаларға кітап оқуды күнделікті әдетке айналдыру қажеттігін айтты.

Қаулы:

1. Ата-аналармен жүргізілетін жұмыстар жүйелі түрде жалғастырылсын.
2. Балалардың жас ерекшелігіне сәйкес әдебиеттерді оқу ұсынылсын.
3. Балабақша мен ата-аналар арасындағы байланыс нығайтылсын.

Төрайымы:
Хатшысы:



С.И.Эбиева
З.И.Эбиева